



АГРОНОМИЯ ФАКУЛЬТЕТІ



Факультет 1957 жылы құрылған.

Зерттеудің негізгі бағыты – ауылшаруашылығы өсімдіктері өнімділігінің генетикалық әлеуетін арттыру және агротехнологияны жетілдіру.

2009-2012 жылдары төмендегі нәтижелерге қол жеткізілді:

-әзірленді:

-дәнді дақылдарды өңдейтін ылғал ресурстарын үнемдейтін технологиялар, күздік дәнді дақылдарды өңдейтін аймақтық технологиялары;

-ылғал ресурстарын үнемдейтін технологияларды қолдана отырып, егіншіліктің бейімді жүйесінде өсімдіктерін қорғау жүйелері;

-жасыл конвейер жүйесінде азықтық дақылдарды өңдеу технологиясы;

-топырақтың құнарлылығын және дақылдың өнімділігін максатты түрде басқару тәсілдері;

-вируссыз тұқымды картопты өндіру технологиясы;

-тұқымды және жемісті дақылдардың отырғызылған материалын тез арада көбейтудің биотехнологиялық әдістері;

-минералды қоректі оңтайландыру мен диагностикалаудың теоретикалық және методологиялық негіздері, топырақтың құнарлылығын және дақылдың өнімділігін максатты түрде басқару тәсілдері;

-микроағзалар негізінде өсімдіктің өсуінің кешенді ынталандырғыш препаратын алу технологиясы;

-топырақты өңдеу технологиясы және арамшөппен күресу шаралары;

-жасыл конвейер жүйесінде азықтық дақылдарды өңдеу технологиясы;

-жасалынды:

-классикалық селекция әдісімен күздік бидайдың, сұлының жаңа тізбектері;

-in vitro және далалық жағдайларда картоптың сауықтырылған сорттарының жиынтығы.

3 монография және 14 ұсыныс басылды, 5 патент және 14 инновациялық патент алынды.

Шаруашылықтағы субъектілермен пестицидтерді өндірістік сынау бойынша, жұмсақ бидайды өңдеудің жаңа тиімді ылғал үнемдейтін технологиясын әзірлеу және жетілдіру бойынша, шағылыстыру кезеңіндегі таңдаулы мониторингтік тексеру бойынша 8 жұмыс орындалды: Байер Крон Сайенс, Стоктон Крон Протекшн Швейцария, БАСФ, ҚР АШМ АӨК «Фитосанитарлық диагностикалау мен болжау республикалық әдістемелік орталығы» ММ, «АгроГлобал» ЖШС, «Агрохимия» ЖШС, «Исағали» ЖШС, «Фермер 2002» ЖШС, «Сары-Адыр» КШ.

2012-2014 жылдары келесідей ғылыми зерттеулер жүзеге асырылуда:

-ауылшаруашылығы өсімдіктерін зиянкестерден қорғау бойынша күресу шараларын әзірлеу;

-орман шаруашылығын, агроорман ландшафтарын жүргізу жүйесін меңгеру және орман түрлерінің генофондын сақтау;

-Солтүстік Қазақстанның далалық аймағында мал шаруашылығы салаларын жыл бойы толыққанды азықпен қамтамасыз ету үшін табиғи шабындықтар мен жайылымдарды жақсарту арқылы егіндіктердегі азықтық дақылдардың өнімділігін арттыру;

-Солтүстік Қазақстанның кара қоңыр топырағындағы сафлорды өңдеу технологиясын әзірлеу;

-өсімдіктің түрлік биотүрлерін зерттеу және оны трансформациялау үрдістері;

-вируссыз ұрықтандыру және картопты иммунодиагностикалау;

-селекция мен биотехнологиядағы үздік технологиялар мен әдістерді қолдана отырып, ауылшаруашылығы дақылдарының өнімділік потенциалын арттыру;

-картоптың диеталық (арнайы) сұрыптарын шығару;

-Солтүстік Қазақстанның құрғақ даласы жағдайларына жақсы бейімделген арпа мен сұлының сұрыптарын селекциялауға арналған принципалды жаңа бастапқы материалды шығару ;

-жорғалағыш кекірені анықтау және жою әдістерін зерттеу;

-түрлі өндірістердегі органикалық қалдықтардан микробиологиялық тәсіл арқылы кешенді мелиоративті-тыңайтқыштық қоспаларды (КМТҚ) жасау технологиясын әзірлеу;

-ауылдық территориядағы топырақ жамылғысының кемуіне жоғары антропогендік жүктеменің әсерін және құрғақ дала жағдайында шөлге айналу үрдісін зерттеу;

-Астана қаласының негізгі автомагистральдарындағы автокөліктер ағымының қарқындылығына байланысты атмосфералық ауаның жағдайын экологиялық бағалау.

Серіктестер: Ауылшаруашылығының СіБҒЗИ (Омбы қ., Ресей), «Орман шаруашылығының ҚазҒЗИ» ЖШС, «Ауылшаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу ҚазҒЗИ» ЖШС, «Родина Агрофирмасы» ЖШС, «Жасыл Аймақ» АМК, «Ақтық Агрофирмасы» ЖШС және т.б..

